

**ҚАЗАҚСТАН МҰСЫЛМАНДАРЫ
ДІНИ БАСҚАРМАСЫ**



***«ЗИЯТКЕР ИМАМ»
ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ***

Нұр-Сұлтан, 2020

Кіріспе

«Зияткер имам» тұжырымдамасы (бұдан әрі – Тұжырымдама) – Қазақстан мұсылмандары діни басқармасына (бұдан әрі – ҚМДБ) қарасты мешіттерде қызмет ететін имамдардың білімі мен біліктілігіне сәйкес жоғары санатқа іріктеу үшін дін қызметкеріне қойылатын талаптарды қамтитын әдістемелік құжат.

Тұжырымдама Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» және «Қазақстан Республикасындағы Еңбек туралы» Заңдарын, ҚМДБ-ның Жарғысы талаптарын басшылыққа ала отырып, «Зияткер имам» мәртебесіне лайықты дін қызметіндегі мамандарды іріктеу және олардың мәртебесін белгілеу мәселелерін шешуге бағытталады.

Тұжырымдама имамдардың кәсіби біліктілігін арттыруды және діни қызмет жүйесін дамытуды көздейді.

Тұжырымдаманың маңыздылығы

Қазіргі таңда дін қызметкерлеріне қойылатын міндеттер уақыт пен заман талабына сәйкес күшеюде. Осыған орай дін қызметкерінің кәсіби шеберлігін дамыту, біліктілігін арттыру басты мақсаттың бірі.

ҚМДБ мешіттерді құлшылық орнымен қатар рухани, имандылық орталықтарына айналдыруды көздейді. Мешіттерде қызмет жасайтын имамдар

мен ұстаздар діни іс-шараларды үйлестіру жұмыстарын шебер меңгерген білімді, білікті, үлгілі, іскер, жасампаз, жамағатты отансүйгіш рухта тәрбиелей алатын, сондай-ақ өркениет көшіне бастай білетін толыққанды маман болуын мақсат етеді.

Дін қызметкерінің білімі мен біліктілік дағдылары оның жеке кәсіби шеберлігін көрсететіндіктен, жамағатқа көшбасшы бола алатын «Зияткер имамның» жеке тұлғасын анықтау және оларға қолдау көрсету мақсатында осы Тұжырымдама әзірленді.

Тұжырымдаманың мақсаты мен міндеті

1. Тұжырымдаманың мақсаты:

– облыстық, қалалық, аудандық және кенттік мешіт қызметкерлерінің құрамын «Зияткер имам» лауазымымен толықтыру;

– «Зияткер имам» мәртебесіне ие болудың шарттары мен талаптарын бекіту;

– діни жоғары білімді, мемлекеттік заңдар мен ҚМДБ Жарғысы аясында өз міндеттемелерін біліктілікпен ұйымдастыра алатын діни және саяси сауатты, іскер, бастамашыл, шығармашылықта белсенді, кез келген санаттағы адамдармен тіл табысып, жұмыс жүргізуге қабілетті діни мамандар құрамын жасақтау;

– қоғамға жат діни ұйымдар мен топтардың, деструктивті ағымдардың іс-әрекетіне тойтарыс бере алатын тәжірибелі діни қызметкерлерді ынталандыру;

– ҚМДБ басшылық құрамына қажетті кадрлық резервті жасақтау;

– қоғамда діни қызметкердің мәртебесін арттыру.

2. Тұжырымдаманың міндеттері:

– «Зияткер имам» мәртебесін берудің шарттарын анықтау;

– «Зияткер имам» мәртебесіне ие болу үшін кәсіби және жеке қасиеттерін көрсету;

– «Зияткер имам» мәртебесіне ұсынылатын діни қызметкердің міндеттерін белгілеу;

– «Зияткер имам» мәртебесіне қойылатын талаптар тізімін бекіту.

Зияткер имамға қойылатын талаптар

1. Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» және «Қазақстан Республикасындағы Еңбек туралы» Заңын білу әрі заң аясында қызмет ету;

2. Ханафи мәзһабы мен Матуриди сенім мектебін басшылыққа алу;

3. ҚМДБ-ның Жарғысын, өзге де қабылданған ережелер мен тәртіптерді білу және оған бағыну;

4. Отансүйгіштік қасиетті бойына сіңіру;

5. Зайырлы құндылықтарға құрметпен қарау;

6. Жамағаттың бірлігі мен тұтастығын сақтау жолында қызмет жасау;

7. Азаматтардың діни наным-сенімдерін құрметтеу және жамағатты өзгелерге құрметпен қарауға тәрбиелеу;

8. Кәсіби деңгейі мен білімін ұдайы жетілдіріп отыру;

9. Өзіне жүктелген міндетті жауапкершілікпен атқару.

«Зияткер имамның» тұлғалық қасиеттері:

- 1) жоғары діни білімді болу;
- 2) өз кәсібін жоғары деңгейде меңгеру;
- 3) шариғат ілімдерін жақсы білу;
- 4) Құран Кәрімді тәжуидпен оқу және кемінде 3 пара жатқа білу;
- 5) теріс діни ағым өкілдерін райынан қайтаруға әрі оңалтуға қабілетті болу;
- 6) ұлтаралық және дінаралық татулықты сақтай білу;
- 7) мемлекеттік тілмен қатар бірнеше тілді меңгеру (орыс, араб, ағылшын т.б.);
- 8) ұлттық салт-дәстүрді білу;
- 9) ұйымдастыру қабілеті жоғары болу;
- 10) шешендік өнерді меңгеру;
- 11) ағартушылық қызметті жауапкершілікпен атқару;
- 12) ақпарат құралдары мен баспасөз беттеріне діни, ғылыми тақырыптарда мақалалар жариялау;
- 13) көркем уағыз-насихат айта білу;
- 14) қоғамдық іс-шараларға белсене атсалысу;
- 15) салауатты өмір салтын насихаттау;
- 16) жасампаз және мәмілегер болу;
- 17) пікірталас әдебін сақтау;
- 18) жамағат алдында беделді болу;
- 19) әлеуметтік желіде белсенділік таныту;
- 20) Қазақстан тарихын білу.

«Зияткер имам» мәртебесіне ұсыну шарттары

1. «Зияткер имам» мәртебесіне ұсынылатын діни қызметкердің кандидатурасы облыстық, жеке мәртебеге ие қалалық мешіт жиналысында арнайы талқыланып, облыстық деңгейде іріктеліп, шешімі, сондай-ақ үміткердің жеке мінездемесі аттестациялау комиссиясына ҚМДБ-ға ұсынылады;

2. «Зияткер имам» мәртебесіне ұсынылатын имамды іріктеу барысында жоғарыдағы талаптар ескерілуі қажет.

3. Ұсынылған үміткерді ҚМДБ жанынан құрылған сараптау комиссиясы қарайды.

4. «Зияткер имам» мәртебесіне лайықты үміткер ҚМДБ төрағасы, Бас мүфтидің арнайы бұйрығымен іске асырылады, «ҚМДБ Зияткер имам» сертификаты және куәлік пен төсбелгі Бас мүфти атынан беріледі.

5. Берілген сертификат нөмір бойынша рәсімделіп, көшірмесі ҚМДБ мұрағатында сақталады.

Зияткер имам резервін қалыптастыру

1. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының кадр бөлімінде «Зияткер имам» мәртебесіне ие болған дін қызметкерлерінің арнайы мәліметтік базасын құрып, жоғары сыныпты діни кадрлар резерві түзіледі;

2. Діни қызметкерлерді аттестациялау нәтижелеріне сәйкес жұмыс өтілдерін ескере отырып

«Зияткер имам» мәртебесіне лайық үміткер ҚМДБ кадрлық резервіне енгізіледі.

Қорытынды

Діни қызметкердің кәсіби шеберлігі мен ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, қоғамның ынтымағы мен бірлігін нығайтуға үлес қосатын «Зияткер имам» мәртебесіне лайық маман дайындау заман талабы. ҚМДБ осы Тұжырымдама арқылы діни қызметкердің білімді, білікті, жігерлі, жамағатты дұрыс жолға бастай алатын көрнекті тұлға болуына, іскер, шығармашылықта белсенді, өз ісін жетік меңгерген, қоғамды рухани кемелдендіретін «Зияткер имам» болуына ықпал етеді.

**ДУХОВНОЕ УПРАВЛЕНИЕ
МУСУЛЬМАН КАЗАХСТАНА**



***КОНЦЕПЦИЯ «ИМАМ
ИНТЕЛЛЕКТУАЛ»***

**Нур-Султан
2020 год**

КОНЦЕПЦИЯ «ИМАМ ИНТЕЛЛЕКТУАЛ»

Введение

Концепция «имам интеллектуал» (далее Концепция) - это методический документ, содержащий требования при отборе имамов работающих в мечетях при Духовном управлении мусульман Казахстана (далее ДУМК) в соответствии с их знаниями и квалификацией.

Концепция руководствуясь Конституцией Республики Казахстан, Законами Республики Казахстан «О религиозной деятельности и религиозных объединениях» и «О труде в Республике Казахстан» направлена на решение вопросов отбора и определения положения исламских деятелей, достойных статуса «Имама интеллектуала».

Концепция нацеливается на повышение профессионализма имамов и развитие системы религиозной деятельности.

Значимость концепции

В современном мире обязанности имама становятся все более сложными. В связи с этим одна из основных целей концепции - развитие профессиональных навыков исламских деятелей.

Задачей ДУМК является преобразование домов

поклонения - мечетей в духовно-нравственные очаги. Целью концепции является повышение профессионализма, квалификации и образования исламских деятелей, служащих во благо народа, которые будучи образцовыми, деятельными, творческими личностями воспитывают джамаат в духе патриотизма и мировой цивилизации.

Поскольку знания и навыки имамов отражают его личный профессионализм, эта концепция была разработана для выявления и поддержки «имама интеллектуала», который умело руководит джамаатом.

Цели и задачи концепции

1. Цели концепции:

- пополнение персонала областных, городских, районных и сельских мечетей должностью «Имам интеллектуал»;
- утверждение условий и требований для получения статуса «Имам интеллектуал»;
- формирование команды теологов с высшим исламским образованием, способных выполнять с высоким профессионализмом возложенные на них обязанности в соответствии с государственными законами и Уставом ДУМК, религиозно и политически грамотных, деятельных, инициативных, творческих, способных поддерживать общение и работать с любыми представителями общества;

- мотивирование опытных имамов, способных бороться с антиобщественными группами и организациями, деструктивными течениями;
- формирование кадрового резерва для руководящего состава ДУМК;
- повышение статуса имама в обществе.

2. Задачи концепции:

- определение условий присвоения статуса «Имам интеллектуал»;
- представить профессиональные и персональные навыки для получения статуса «Имам интеллектуал»;
- определение обязанностей имама, номинированного на статус «Имам интеллектуал»;
- утверждение квалификационных требований, предъявляемых к статусу «Имам интеллектуал».

Требования к имаму интеллектуалу

1. Знание Конституции Республики Казахстан, Закона «О религиозной деятельности и религиозных объединениях» и Закона «О труде в Республике Казахстан» и действовать в рамках закона;
2. Придерживаться Ханафитского мазхаба и Матуридитской акыды;
3. Знание и соблюдение Устава ДУМК, других принятых правил и дисциплин;

4. Воспитание в себе патриотических качеств;
5. Уважительно относиться к светским ценностям;
6. Работать над сохранением единства и сплоченности джамаата;
7. Уважение религиозных мировоззрений граждан и воспитание в джамаате чувства взаимоуважения и доброе отношение к окружающим;
8. Непрерывное развитие профессиональной компетентности и знаний;
9. Добросовестное исполнение возложенных на него обязанностей.

Персональные качества «Имама интеллектуала»

- 1) иметь высшее исламское образование;
- 2) глубокое овладение профессией;
- 3) хорошее знание предписаний шариата;
- 4) читать Священный Коран по правилам таджвида и знать наизусть не менее 3 джузов;
- 5) быть способным реабилитировать и перевоспитывать членов заблудших религиозных течений;
- 6) умение поддерживать в обществе

межнациональное и межрелигиозное согласие;

7) владение несколькими языками, помимо государственного (русский, арабский, английский и др.);

8) знание национальных традиций;

9) иметь высокие организаторские способности;

10) владение ораторским искусством;

11) ответственное выполнение учебно-образовательных работ;

12) публикация статей на исламскую и научную тематику в прессе и средствах массовой информации;

13) умение вести вдохновляющую проповедь;

14) активное участие в общественных мероприятиях;

15) пропаганда здорового образа жизни;

16) быть творческим и коммуникабельным;

17) соблюдение этики дебатов;

18) высокое положение перед джамаатом;

19) поддерживать активность в социальных сетях;

20) Знание истории Казахстана.

Условия выдвижения на статус «имама интеллектуала»

1. Кандидатура имама, выдвигаемого на соискание статуса «имама интеллектуала», обсуждается на заседании городской мечети с особым статусом и областной мечети, таким образом избирается на областном уровне. В итоге, принятое решение, и личные характеристики кандидата предоставляются в аттестационную комиссию ДУМК;

2. При отборе имама на статус «имама интеллектуала», необходимо учитывать вышеуказанные требования.

3. Выдвинутый кандидат рассматривается экспертной комиссией, созданной при ДУМК.

4. Претенденты на статус «Имама интеллектуала» утверждаются приказом Председателя ДУМК, Верховного муфтия, а также выдается сертификат «Имам интеллектуал ДУМК», нагрудный знак и удостоверение.

5. Выданный сертификат оформляется по специальному номеру, а его копия будет храниться в архиве ДУМК.

Создание резерва имама интеллектуала

1. В кадровом отделе Духовного управления мусульман Казахстана будет создана специальная база данных имамов со статусом «Имам интеллектуал» и будет создан резерв высококвалифицированных исламских деятелей;

2. По результатам аттестации имамов, претендент, достойный статуса «Имама интеллектуала», с учетом стажа работы включается в кадровый резерв ДУМК.

Вывод

Подготовить специалиста, достойного статуса «Имама интеллектуала», с высоким профессионализмом и организаторскими способностями, который способствует укреплению единства и солидарности общества, является требованием современности. ДУМК посредством данной Концепции продвигает исламского деятеля как образованного, квалифицированного, энергичного, выдающегося человека, который может вести мусульманскую умму в правильном русле, быть деятельным, творческим, самодостаточным «имамом интеллектуалом», который улучшает духовную жизнь общества.